**Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк үкіметаралық комиссиясының үшінші мәжілісін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 қыркүйек N 1216

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасының арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

1) Астана қаласында 2001 жылғы 26-27 қыркүйекте Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк үкіметаралық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) үшінші мәжілісін өткізсін;

2) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп қажетті құжаттарды дайындасын және Комиссияның поляк бөлігі мүшелерінің жүріп-тұру бағдарламасын әзірлесін;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп Астана қаласында Комиссияның поляк бөлігі мүшелеріне көліктік қызмет көрсетуді және олардың тұруын қамтамасыз етсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес Комиссияның үшінші мәжілісін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне Комиссияның үшінші мәжілісін өткізу үшін 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаражат бөлсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 19 қыркүйектегі
N 1216 қаулысына
қосымша

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк үкіметаралық комиссиясының үшінші мәжілісін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары
(2001 жылғы 26-27 қыркүйек, Астана қаласы)

| N | Іс-шаралардың атауы | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Делегацияның жүріп-тұру бағдарламасын дайындау | 2001 жылғы 20 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (жинақтау), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Комиссияның жұмыс регламенті (баяндамашы мен сөз сөйлеушілерге берілген уақыт), жұмыс топтарының жетекшілері мен құрамы, өткізу орны жөнінде ұсыныстар енгізу | 2001 жылғы 20 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (жинақтау), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 3 | Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк комиссиясының үшінші мәжілісі хаттамасының жобасына ұсыныстар беру | 2001 жылғы 20 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (жинақтау), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 4 | Поляк делегациясына қызмет көрсетуді (Комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағасы атынан қабылдау, кофе-брейк, кеңсе заттары) ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу | 2001 жылғы 20 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (жинақтау), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| 5 | Бөлінген қаражат есебінен Комиссияның поляк бөлігінің тең төрағасына естелік сыйлық және поляк делегациясының мүшелеріне кәдесыйлар сатып алуды ұйымдастыру | 2001 жылғы 20 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 6 | Комиссияның үшінші мәжілісінің жұмысын баспасөзде жариялауды және Комиссия мәжілісінің қорытындылары бойынша баспасөз конференциясын өткізуді ұйымдастыру | 2001 жылғы 24-27 қыркүйек | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің баспасөз қызметтері |
| 7 | Комиссияның қазақстандық бөлігі тең төрағасының, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика | 2001 жылғы 20 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі өкілдерінің сөйлейтін сөздерін дайындау | | қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 8 | Делегацияның әуежайдағы, жүру бағыты бойынша қауіпсіздігін, барған орындарында және Комиссия жұмысы кезеңінде кеңесті өткізу барысында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету | 2001 жылғы 24-27 қыркүйек | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 9 | Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк үкіметаралық комиссиясы үшінші мәжілісінің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп дайындау | 2001 жылғы 10 қазанға дейін | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК